

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨНЕРКӘСІПТІК УЛЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ
ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨМУ
ПОЛИГОНДАРЫ. ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ
ЕРЕЖЕЛЕР**

**ПОЛИГОНЫ ПО ОБЕЗВРЕЖИВАНИЮ И
ЗАХОРОНЕНИЮ ТОКСИЧНЫХ
ПРОМЫШЛЕННЫХ ОТХОДОВ. ОСНОВНЫЕ
ПОЛОЖЕНИЯ ПО ПРОЕКТИРОВАНИЮ**

ҚР ЕЖ 1.04-109-2013

СП РК 1.04-109-2013

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	1
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	2
5 ПОЛИГОНДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ	3
6 ПОЛИГОННЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫ	4
7 ЖОСПАРЛАНҒАН ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ШЕШІМДЕР	5
8 УЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ	7
9 УЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӨМУ	12
10 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ	13
11 ПОЛИГОНДАРДЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ҚОРҒАНЫС АЙМАҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҚЫЛАУ	14
12 ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	14
А қосымшасы (ақпараттық) ӨУҚ аймақтары мен имараттарын орналастырудың негізгі құрылымдық шешімдері	17
Б қосымшасы (ақпараттық) Сүзуге қарсы экрандарды орнату бойынша түрлері мен құрылымдық шешімдер	21
КІТАПНАМА	29

КІРІСПЕ

Осы ережелер жиынтығы нормативтік-техникалық база құрылымдық реформасының аясында жасалған және ақпараттың қажетті толықтығымен ресми түрде мойындалған, сонымен қатар тәжірибеде өзін мойындатқан техникалық регламенттердің, уытты өнеркәсіптік қалдықтарды көму мен залалсыздандыру бойынша полигондарды жобалауға қатысты құрылыс нормаларының міндетті талаптарын орындауды толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұсынылатын параметрлер ретіндегі қолданылатын тиімді шешімдерді нормалаушы көрсеткіштер, ережелер мен тәртіптерден тұрады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨНЕРКӘСІПТІК УЛЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨМУ
ПОЛИГОНДАРЫ. ЖОБАЛАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**ПОЛИГОНЫ ПО ОБЕЗВРЕЖИВАНИЮ И ЗАХОРОНЕНИЮ ТОКСИЧНЫХ
ПРОМЫШЛЕННЫХ ОТХОДОВ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы ережелер жинағы улы қалдықтарды залалсыздандыру, ұзақ мерзімді сақтау және көму жөніндегі полигондардың, олардың пайда болу орнына қарамастан, жаңа құрылысы, қайта құру және қалпына келтіру ережелерін белгілейді.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл құрылыс нормаларын қолдану үшін келесідей нормативтік сілтеме құжаттар қажет:

ХҚН 2.03-02-2002 Қауіпті геологиялық үрдістерден ауданды, ғимаратты және имараттарды инженерлік қорғау.

ҚР ҚН 1.04-01-2013 Өнеркәсіптік улы қалдықтарды залалсыздандыру және көму полигондары. Жобалау бойынша негізгі қағидалар

ҚР ҚН 4.01-03-2011 Сумен жабдықтау және кәріздік сыртқы тораптар және имараттар.

Ескертпе – Осы құрылыс нормаларын қолдану барысында жыл сайын ағымдағы жылға жасалатын ақпараттық «Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімі», «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» және Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың әрекетін мақсатты түрде тексеру керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгертілсе), бұл нормативтерді қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат өзгеріссіз жойылса, сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Аталмыш ережелер жинағында ҚР ҚН 1.04-01 келтірілген терминдер қолданылады.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Өнеркәсіптік улы қалдықтарды (бұдан әрі – ӨУҚ) жобасының тапсырыс берушісі жобаны өңдеушіге төмендегі ағымдағы мәліметтерді ұсынуы тиіс:

- полигон құрылысы үшін жер учаскесін бөлу туралы құзыретті органның шешімі;
- жобалауға арналған тапсырма;
- сәлет құрылысының шарттары мен жер учаскесінің құрылысына шектеу;
- нысанның инженерлік қамтамасыз ету бойынша техникалық шарттар, оның ішінде сумен қамту, кәріз, жылу-, энерго- және газбен қамту, радиофикация, сыртқы жарықтандыру, нөсерлі суларды бөлі, телефонизация, диспетчеризация, өрт және техногенді қауіпсіздік;
- аймақты таңдау актісі немесе аймақты тексеру актісі;
- құрылысқа рұқсат беру туралы шешім;
- 1:2000 - 1:25000 масштабында полигонның орналасу орнының оқиғалық жоспары;
- қолда бар топографиялық жоспарлар;
- аймақтың инженерлік-геологиялық, гидрологиялық және экологиялық шарттарына (ерекшеліктеріне) қатысты қолда бар қорытындылар;
- сапалық (агрегатты жағдай, судаергіштік, ұзақ уақыт бойы сақтау мен көму кезіндегі үйлесімдігі және т.б.) және сандық болжамды көрсеткіштерімен қауіптілік классы бойынша уытты қалдықтар түрлерінің тізімі;
- қалдықтарды тасымалдау мен сақтау шарттары туралы мәліметтер.

4.2 Инженерлік іздеулер, көбінесе, екі кезеңде орындалады. Бірінші кезеңді ӨУҚ нұсқалар бойынша орналастыру учаскесін таңдаудың негізделуі мақсатымен орындайды, екіншіде – қажетті жобалық құжаттаманы өңдеуге арналған ағымдағы мәліметтерді алу мақсатымен. Инженерлік іздеулердің құрамы мен көлемі техникалық тапсырмамен орнатылады.

4.3 ӨУҚ құрамында төмендегілерді көздеу ұсынылады:

- әкімшілікті (басқарушылық) орналастыруға арналған шаруашылықты аймақты, қосымша құрал-жабдықтарды, жол инфрақұрылымын, ӨУҚ қауіпсіз қызмет істеуін қамтамасыз ететін басқа да құрал-жабдықтарын;
- қалдықтарды ұзақ мерзім бойы сақтау мен көмуге арналған учаскесімен және залалсыздандыру (өңдеу) үшін өндірістік аймағымен өндірістік аймағы;
- санитарлық-қорғау аймағы.

Ескертпелер

1 УҚ ұзақ мерзім сақтау оларды алдағы кезеңде екінші реттік шикізат ретінде қолдану ықтималдығы болған кезде жүзеге асырылады.

2 УҚ көму учаскесі қауіптілік классы бойынша және олардың үйлесімдігіне сәйкес уытты қатты қалдықтар жеке қойлатын арнайы жабдықталған карталар (шұңқырлар) орналасқан аумақ болып табылады.

4.4 ӨУҚ басқа да өнеркәсіптік және құрылыстық қалдықтар түрлерін жергілікті экологиялық және санитарлы-эпидемиологиялық бақылау органдарының жеке рұқсаттары бойынша қабылдауға рұқсат беріледі.

5 ПОЛИГОНДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ

5.1 ӨУҚ-ны орналастыруын жобалағанда ХҚН 2.03-02, ҚР ҚН 1.04-01, ҚР ҚН 4.01-03 талаптарын басшылыққа алу керек.

ӨУҚ-ны, әдетте, орналастырады:

1) ауыл шаруашылығына тиісті емес жерлерде немесе ауыл шаруашылығына жарамсыз жерлерде немесе жас көшеттер отырғызылмаған ең нашар сапалы ауыл шаруашылық жерлерінде;

2) экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және еңбекті қорғау қауіпсіздіктерінің талаптарын ескере отырып, өңделген карьерлердің кеңістіктерінде және өңделген кен орындарында төсеме қоспалар ретінде;

3) елді мекендерге, демалыс орындарына және халықтың көп орналасқан басқа да жерлеріне қатысты желді жағында (басым бағыттағы желдер үшін);

4) іргелес нысандардың су қорғау, жылыту, санитарлы-қорғау аймағынан алшақта;

5) су дуалдарының, балық шаруашылығы, уылдырық шашу, балықтар жаппай жайылған және қыстайтын шұңқырларынан төмен жерлерде;

6) гидрогеологиялық жағдайларға сәйкес, әдетте, топырақ қабаты су өткізе бермейтін (сазбалшықты, саздақты, тактатасты) аз мөлшердегі тереңірек жатқан жер асты сулары бар телімдерде, қалдықтар көмілген жердің төменгі деңгейінен кемі 2 м шамада полигонды пайдалану кезіндегі судың көтерілуін ескере отырып (таңдап алынған алаңда гидрогеологиялық жағдайлар қолайсыз болған уақытта жер асты суларының қажетті деңгейге төмендеуін қамтамасыз ететін инженерлік шараларды қарастыру қажет);

7) табиғи қорғанышқа ие және 10^{-6} м/с сүзу коэффициентінен аспайтын жыныстармен жабылған жер асты суларының 20 м тереңдікте жатқан аудандарында. Полигонның тереңдігі жер асты суларының жоғарғы болжамды тұрып қалу деңгейінен 4 м-ден кем болмайтындай орналасуы қажет.

Экологиялық бақылау органдары мен санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің келісімін алғаннан кейін нысандардың ара қашықтықтары модельдеудің мәліметтері бойынша немесе ӨУҚ қоршаған ортаға әсерінің есептеулері бойынша түзетіле алады.

Жер асты сулары бар аудандарда полигондарды орналастырғанда жобалық құжаттың құрамында мақсатты түрде тұрғындардың сумен қамтамасыз ету жүйелеріндегі ауыз су көрсеткіштеріне әсерін бағалаумен жер асты суларының гидродинамикалық және гидрохимиялық күйінің математикалық моделін жасау қажет, оның нәтижелері шынайы болып келеді және бақылау жүргізу кезінде қажет болған жағдайда өз уақытында сүзуге қарсы шараларды күшейту туралы шешім қабылданады. ӨУҚ орналасатын аумақтың ылғалдану түріне байланысты сүзбенің түзілу көлемі, буландырғыш бөгеттердің өлшемі есептелінеді, ХҚН 2.03-02 сәйкес оның жиналуымен күресу жолдары анықталады.

5.2 Топырақтың шөгу қабаттарында ӨУҚ орналастыруға топырақтың толық шөгу қасиеттерін толықтай жойған кезде ғана рұқсат етіледі. Полигон имараттарына қатысты конструктивтік шешімдерді қалдықтардың қауіптілік тобын, өңделетін аумақтың болуын, сейсмикалық жағдайын, нұскалық техникалық-экономикалық есептеулерді ескере отырып қабылдау ұсынылады.

5.3 ӨУҚ ауданының көмілу мөлшері 20-25 жыл аралығындағы қалдықтардың

жиналу мерзіміне қарай анықталады.

5.4 ӨУҚ жобалаудың алғашқы мәліметтерінің құрамына көмілу карталарының (қазаншұңқырларының) жер асты суларынан және сыртқы сулардан қорғанышы туралы кеңестер, тазартылған құрылыс орындары, тазартылған сулар мен инженерлік ізденіс материалдарының тастау орындары туралы мәліметтер енуі қажет.

5.5 ӨУҚ жобалаудағы инженерлік ізденіс материалдары, әдетте, мыналардан құралуы қажет:

- жобалық ұйыммен бекітілетін полигонның құрылыс ауданының белгіленген аймақтары мен көлемдеріндегі топографиялық жоспарларынан;

- тереңдігі 3 м болатын су тірегіне дейінгі топырақтардың (полигонның аумағында және оның әсер ету ауданында) инженерлік-геологиялық сипаттамасы. Су тірегі 25 м-ден асатын тереңдікте жату кезінде геологиялық қазбаның тереңдігі карталардың тереңдігінен 6 м-ден аспауы қажет. Инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық, инженерлік-экологиялық ізденістерде геосүзу құрылысының сипаттамасы, топырақты сүзудің және жер асты суларының түрі, су өтпес қабаттың түрі, су өтпес қабаттың қуаттылығы, оның сүзу қасиеттері көрсетілуі қажет. Жер асты суларының табиғи қорғалуын және ластанған сулардың су өткізу жиектеріне өту жағдайларын анықтау үшін ұңғымаларды бұрғылау бөлігінің тереңдігі келесідей болуы қажет:

- борпылдақ және байланысқан топырақтар жиналған аудандарда су өткізбейтін жыныстардың таралған қабатынан төмен жатқан, 3 м - 5 м жер асты суларынан төмен деңгейде;

- жыныстардың таралу ауданы аз байқалатын жарықтар аймағынан төмен, яғни тұтас тасты жыныстардың жату аймағына дейін – оның шегінен 1 м - 2 м төмен;

- саз балшықтың карьерлері туралы мәліметтер немесе ӨУҚ құрылысы кезінде қолдану мақсатында қажетті су өткізбеу қасиетіне дейін жеткізу үшін балшықтарды өңдеу бойынша кеңестердің болуы, сонымен қатар басқа құрылыс материалдарының (кұм, қиыршық тас, тас) карьерлері туралы мәліметтер;

- жер асты суларының режимі деңгейінің сипаттамасынан тұратын гидрогеологиялық сипаттама, топырақтарды сүзу коэффициенттері, топырақ ағынының қоректену мен тиеу облысы, топырақ ағынының деңгейін және оның химиялық құрамын болжау;

- температуралық, желдік режимдердің, шөгінділердің, атмосфералық ауадағы ластайтын заттардың фондық құрам көрсеткіштерінің, қар қабатының, топырақтың қатуының, су қабатының булануының, жылдық шөгінділердің түсу саны мен қарқындылығының көрсетілуімен климаттық жазба көлеміндегі метеорологиялық сипаттама;

- беттік ағынның су жинаушы ауданы туралы мәліметтер және жаңбыр мен қар суының ең көп мөлшердегі шығындары.

5.6 Барлау ұңғымаларын бұрғылау орындары жоспарында жазылып, сонымен қатар оларды жою мен айдау шаралары қолданылуы қажет.

6 ПОЛИГОННЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫ

6.1 ӨУҚ қуаттылығы улы қалдықтардың жалпы санымен анықталады (мың т.), ол полигонда ұзақ уақытқа сақтау мен қалдықтарды көму ауданына тікелей түсетін

қалдықтарды, оған қоса көрсетілген аудандарға олардың өңделуінен кейін түсетін қалдықтарды қоса алғанда 1 жылдың ішінде қабылданады.

Қалдықтарды арнайы ыдыстарда (контейнерлерде) сақтау немесе көму жағдайларында ыдыстардың (контейнерлердің) салмағы есепке алынады.

6.2 ӨУҚ әр картасының қалдықтарды көму ауданындағы сыйымдылығы қауіптілік санатын, өндіріс кәсіпорындарынан, оларды өндегеннен (залалсыздандырғаннан) кейін тікелей түсетін қалдықтардың әр түрінің болжамды санының ескерілуімен анықталады.

6.3 Улы қалдықтарды ұзақ уақытқа сақтау экологиялық және санитарлы-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарына сай болуы қажет.

7 ЖОСПАРЛАНҒАН ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ШЕШІМДЕР

7.1 ӨУҚ жобасын өңдеу кезінде ХҚН 2.03-02, ҚР ҚН 1.04-01, ҚР ҚН 4.01-03 және осы бөлімнің ережелерін ескеру қажет.

ӨУҚ жобасы әдетте келесі бөлімдерден тұрады:

- жалпы түсіндерме жазбасы және сызбалар;
- технологиялық бөлім: сыйымдылық есебі, құрылыс кезегі ескерілген технологиялық сызба, ұзыннан және көлденеңінен кесінділері, пайдалану режимі, пайдалану қызметкерлеріне, машиналар мен механизмдерге қажеттілікті есептеу, ӨУҚ жапқаннан кейінгі телімді рекультивациялау бойынша нұсқаулар;
- еңбекті қорғау, өртке қарсы шаралар;
- телімнің бас жоспары: тігінен жоспарлау, абаттандыру, жолдар, арнайы гидротехникалық құралымдар (су бұруға арналған таулы жыралар, бөгеттер, су өткізбейтін негіздер және т.б.);
- сәулет-құрылыс бөлімі;
- санитарлы-техникалық бөлім (жылыту және желдету, сумен қамту және кәріз (ішкі және сыртқы), жылу механикалық бөлім, шығу мәліметтеріне және жобалау тапсырмасына сәйкес газбен қамту);
- электрлік-техникалық бөлім;
- негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер;
- жинақты смета;
- қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ);
- санитарлық-қорғаныс аймағы және мониторинг жүйесі;
- полигонның санитарлық-техникалық төлқұжаты;
- жоба жасау барысында алынған кіріс мәліметтеріне сәйкес ӨУҚ аумағын инженерлік-геологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер.

7.2 ӨУҚ телімдерін қызметтік аймақтарға бөлу нысанның тағайындалуына және сыйымдылығына, қалдықтардың залалсыздандыру дәрежесіне тәуелді болады және кем дегенде екі аймақтан құралуы керек (шаруашылықтық және өндірістік).

Аймақтың ғимараттары мен имараттар арасындағы арақашықтық керекті нормаларға ҚР ҚН 1.04-01 сәйкес қабылданады. Негізгі құрылыстар тізімі А Қосымшада берілген.

7.3 ӨУҚ өндірістік аймағында қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтауға арналған (контейнерлік алаң) және қалдықтарды көмуге арналған жер телімі орналасады, мұнда

ҚР ЕЖ 1.04-109-2013

қалдықтарды қауіптілік класы және сәйкестігі бойынша жеке көмуге арналған карталар, нөсерлі және құрғату суларының бақылау-реттеу тоғандары және қажет болған жағдайда буландырғыш-тоғандар, машиналарды механикалық түрде жууға арналған корпусы бар бақылау-залалсыздандыру үлескісі, уытты қалдықтарды залалсыздандыру (өңдеу) бойынша өндірістік алаң орналастырылады, мұнда УҚ ерімейтін формаға айналдырады немесе әрі қарай ұзақ мерзімді қауіпсіз сақтау және көму үшін көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

7.4 Шаруашылық аймағында келесі нысандарды орналастыру ұсынылады:

- физикалық-химиялық зертханасы бар әкімшілік-шаруашылық корпусы;
- полигонда пайдаланылатын арнайы техника мен механизмдерге арналған жаппа;
- жөндеу шеберханасы;
- автожанармай құю бекеті және жанар-жағармай қоймасы;
- өрт сұйыққоймалары;
- қазандық;
- автокөлік таразысы;
- бақылау-өткізу пункті;

- карталарды тұмшалау кезінде су өткізбейтін жабын құрылғысына арналған материалдарды сақтауға арналған қойма;

- полигонды пайдалану үдерісінде мониторингтік зерттеулерге арналған бақылау ұңғымалары.

Ескертпе – Қазандық құрылысын басқа жылумен қамту көздері болмаған жағдайда қарастыруға болады.

7.5 Уытты қалдықтарды ұзақ мерзімге сақтауға және көмуге арналған телімдерде сақиналы арна жақын су бұру алаңының тасқын суы шығынының 1 % қамтылуына есептелуі керек. Суды жергілікті құрылғыларда тазартқаннан кейін жақын су ағынына жіберуді қарастыру керек.

Айналым сақиналы арна бойымен тал және қандыағаштан құралған тығыздығы бір өсімдікке 3 м² келетін ағышты-бұталы көшеттермен және 1 м² 1-2 өсімдік сабағынан келетін талдықпен көгалдандыру керек.

7.6 Ішкі нөсерлі және еріген суларды шығару үшін екі секциядан тұратын бақылау-реттеу тоғандарында әр секцияның қуаттылығын 25 жылда бір рет қайталанатын максальді тәуліктік жауын көлеміне есептеу керек. Бақылаудан кейін суды:

- тазаны – өндірістік қажеттілікке, тұтынушы болмаған жағдайда – сақиналы арнаға; - ластанғанды – буландыру-тоғанына, оны орнату мүмкін болмаған жағдайда – ҚР ҚН 4-01-03 сәйкес тазарту құрылғыларына бағыптайды.

7.7 Буландырғыш-тоған ауданы көму телімі аумағынан нөсер және еріген су есепті ағынының орташа жылдық шамасынан 10 % ластану мүмкіндігіне байланысты анықталады.

7.8 Егер климаттық жағдайларға сәйкес табиғи буландырғыш-тоған орнату мүмкін болмаса жобада жергілікті тазарту құрылғыларын қарастыруға болады.

7.9 Буландырғыш-тоғандарда, бақылау-реттеу тоғандарында және реттеу су қоймаларында сүзуге қарсы экрандар қарастырылады.

Сүзуге қарсы экрандар топырақты, жер асты және жет үсті суларын уыпты өндірістік қалдықтар құрамына енетін сүзіндінің және басқа да зиянды заттардың өтуінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Экрандар типтері және олардың құрылысы Б Қосымшада берілген.

7.10 ӨУҚ жобалау үшін жер бедерінің күрделілігіне және күтілетін қоршаған ортаға ықпал мөлшеріне және оның шағылу дәрежесіне тәуелді 1:500-1:1000 масштабтағы полигонның бас жоспары болуы қажет.

7.11 ӨУҚ бір өрт қалқанына (стенд) – 5000 м² есептелген алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы керек.

7.12 Төтенше жағдай туындау қаупін ерте анықтау жүйесі және төтенше жағдайды анықтау жүйесі қоршаған орта мен жабдықтың, қабылдау-бақылау құралдарының қауіпті параметрлерін әр түрлі технологиялық бергіштерден, дабылдамалардан және т.б. құралады. Аталған жүйелердің технологиялық бергіштері және дабылдамалары өндірістік автоматиканың теңдес бергіштерінен жеке пайдаланылады.

Жұмыс істеп жатқан қызметкерлерді төтенше жағдай туындау қаупі немесе төтенше жағдайдың туындағаны туралы хабардар ету жүйесі арнайы дыбыстық белгілер беретін құралдардан, мәтіндік хабарлағыштардан және жарықтық нұсқаушылардан, байланыс желісі мен хабар беруді автоматты қосуға арналған базалық аппаратурадан құралады.

Жүйелер мен кешендердің құрамына кіретін құрылғылар мен жабдықтар қолданыстағы нормативтік құжаттарға, техникалық шарттарға, жобалық құжаттамаға, өндіруші зауыттардың құжаттамаларына сәйкес келуі тиіс.

8 УЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

8.1 Қалдықтарды залалсыздандыру бойынша жобаның технологиялық бөлімін дайындауды технологиялық реттемесі бойынша орындау қажет, реттеме сәйкес қалдықтарды технологиялық (әдістер) залалсыздандыру (өңдеу) бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибелік жұмыстарды жүргізу нәтижесінде өңделген.

8.2 Улы қалдықтарды залалсыздандыру ауданының құрамында келесілерді қарастыру ұсынылады:

- әкімшілік-тұрмыстық бөлмелер, өндірістік-санитарлық зертханалар, орталық диспетчерлік басқару мен технологиялық үрдістерді, медпункт пен асхананы бақылау қалқанын;

- жанғыш қалдықтарды термиялық залалсыздандыру аудандарын;

- пиролиздік технологияларды қолдану арқылы қалдықтарды залалсыздандыру аудандарын;

- галогенорганикалық қалдықтарды залалсыздандыру аудандарын;

- қатты және жанбайтын сұйық қалдықтарды физика-химиялық және химиялық залалсыздандыру аудандарын;

- сынапты шамдар мен нұршамдарды залалсыздандыру аудандарын;

- сұйық әк дайындау ауданын;

- сорғы станциясынан жеңіл жанғыш және жанғыш сұйықтықтардың қоймасын;

- сәйкес ыдыста қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жабыны бар ашық қойманы;

ҚР ЕЖ 1.04-109-2013

- химикаттар мен реактивтердің қоймасын;
- отқа төзімді бұйымдардың құрамын;
- автомобиль таразыларын;
- арнайы кір жуатын орынын (бірлестіру мүмкіндігі болмаған кезде);
- арнайы машиналардың, ыдыстардың, контейнерлердің механикаландырылған жуылуын;
- жөндеу-механикалық цехін;
- бақылау-өткізу пунктін.

Ескертпе – Улы заттарды оның орналасатын орнына тәуелсіз залалсыздандыру бойынша жобалауды негізгі технологиялық үрдістерді өңдеумен айналысатын ұйымға орындау ұсынылады.

8.3 Қатты және паста тәрізді жанғыш қалдықтарды залалсыздандыру аудандарында келесілерді орнату ұсынылады:

- жүк түсіретін-жүк артатын механизмдері бар қатты жанғыш қалдықтарды қабылдауға, аралық сақтауға арналған бункерлерді;
- қалдықтарды дайындау жүйесін;
- қалдықтарды термиялық залалсыздандыруға арналған қондырғыларды;
- жылыту камераларын;
- су буын өндіруге арналған агрегаттарды;
- жылуды пайдалануға арналған қондырғыны;
- газдарды шаңнан және қауіпті газ тәрізді ингредиенттерден тазалау жүйесін;
- күйе мен қоқыстарды жою жүйесін.

Ескертпелер

1. Су буын өндіретін агрегатқа арналған химиялық су тазалау жүйесін алдын ала қарастыру ұсынылады.
2. Түтіндік газдар шаңнан механикалық (жеңдік сүзгіде) және электрлік әдіспен (электр сүзгіде) тазартылуы мүмкін.
3. Түтіндік газдарды сілтілік компоненттердің сулы ерітінділерімен суланған скрубберлерде немесе құрғақ, жартылай құрғақ тазалау әдістерімен немесе сілтілік реагенттерді физика-химиялық тазалау әдісін қолданумен тазартады.

8.4 Қалдықтардың қатты ірі фракцияларын ұсақтау (термиялық жоюдан бұрын) жобамен алдын ала қарастырылуы қажет, ол ең көп мөлшерде залалсыздандыруға әсер етеді.

8.5 Қондырғылардың құрылымы қатты, сұйық және паста тәрізді қалдықтардың термиялық залалсыздандырылуын қамтамасыз етілуі қажет. Қондырғылардың конструкцияларын өңдеуде болашақта қалдықтың құрамы біршама өзгеру мүмкіндігін ескеру қажет.

8.6 ӨУҚ қалдықтарды залалсыздандыру жүйелейтін органдармен келісілген қазіргі заманғы технологиялармен (ең жақсы қол жетімді технологиялар) жүзеге асырылады. Технологиялық үрдістердің қондырғылары мен жобаларын таңдау кезінде лайықты техника-технологиялық параметрлер мен амалдарды ұстану ұсынылады.

8.7 Құрамында галогендер бар қалдықтар дозалық өлшеммен берілуін талап етеді, ондағы әр нақты жағдайдағы хлорлы және фторлы сутегінің атмосфераға шығуы фонды

көрсеткіштерді қоса есептегендегі шекті рауалы шығыстардан аспайды, ал түтіндік газдардың құрамындағы хлорлы және фторлы сутегінің мөлшері 0,1 % аспайды, Еуропалық қауымдастықтың талаптарына сәйкес ауа бассейніне түтіндік газдардың шығу көлемінің лимитінен аспайды.

Ескертпе – 2000/76/ЕС [1] Директивасына сәйкес жағуға дейінгі камераларда және термиялық залалсыздандыру қондырғыларында шығу кезіндегі температура 1200 °С жоғары болмауы қажет. УҚ қалдықтарын залалсыздандыру кезінде, галогендер болмаған жағдайда жағуға дейінгі камерадағы температура 900 °С болуы қажет, олар болған жағдайда – 1100 °С. Отынның артық мөлшерін шығындалуын болдырмауға арналған бұдан жоғары температура қажет емес.

8.8 Галогенорганикалық қосылыстардан тұратын улы қатты жанғыш заттардың термиялық залалсыздандырылуы кезіндегі пиролизінде тұздардың балқытпаларын қолданған жөн. Бұл кезде газ тазалағышпен ұсталынған күйе көмілместен бұрын III және IV қауіптілік санатындағы қалдықтарға ауыстырылуы үшін нейтралдануы қажет (мысалы, арнайы қондырғыларда сұйық коқыс құйылады).

Ескертпе - 1200 °С температурадағы термиялық залалсыздандыруда қатты жанбайтын заттарды күйсені қосымша өңдеусіз коқыспен бірге көмуге болады.

8.9 Термиялық залалсыздандыру қондырғылары үшін қажетті температура мен байланысу уақыты (2,0 с. кем емес) түзілуімен, сонымен қоса жануға дейінгі, қажет жағдайда, бағыттаушы газдарда отынның, ауаның сәйкесінше қосымша берілуі кезіндегі және жану өнімдерінің толық тотығуына арналған камераларды қарастыру қажет (99 % дейін). Жануға дейінгі камералардан шығысындағы түтіндік газдардың температурасы 1000 °С төмен болмауы қажет, ал құрамында галоген қосылыстар болғанда және газдың каталитикалық тазалау дәрежесінің болмағанында жануға дейінгі камерадан кейін газ 0,6 секундтың ішінде 1200-тан 200 °С-қа дейін суытылуы қажет. Жануға дейінгі камераның құрылысы мен оттықтары термиялық залалсыздандыру қондырғысындағы барлық түтіндік газдар толығымен қозғалып, тұтастай бұрыла алатындай жобалануы қажет.

8.10 Улы қалдықтарды залалсыздандыру қондырғысында отты теледидарлық камера немесе фото тетіктің көмегімен көзбен шолып бақылау қарастырылады.

8.11 Су буын өндіруге арналған агрегат келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- жылу қуатының кенеттен тербелу кезінде (1 минуттың ішінде 30 %) агрегаттың тұрақты, берік жұмысымен қамтамасыз етілуі қажет;

- түтіндік газдармен байланысатын агрегат құбырлары қабырғаларының температурасы 150 °С пен 350 °С аралығында болуы қажет;

- агрегаттың конвективті бетке шығысындағы түтіндік газдардың температурасы 600 °С жоғары болмауы қажет (еріген күйенің сыртқы қабатқа отыруын болдырмау және коррозияны болдырмау үшін);

- агрегаттан шығысындағы түтіндік газдардың температурасы 250 °С пен 300 °С аралығында болуы қажет;

- агрегаттың конструкциясы беттік қыздыруды қарауға мүмкіндік беруі қажет;

- агрегаттың конструкциясында беттік қыздыруды тазалауға арналған қондырғы

қарастырылуы қажет.

Ескертпелер

1. Галогендер қалдықтардың құрамында көп болғанда бөлек агрегаты бар арнайы қондырғыны қарастырады, ол құбыр қабырғасының температурасына қатысты (250 °С - 300 °С) әрекет етуші талаптарды және агрегаттан тыс температураны (250 °С - 300 °С) қамтамасыз етеді. Галогендердің қалдықтардың құрамында 5 %-ға дейін болған кезде, арнайы талаптарсыз су буын өндіруге арналған сериялық агрегаттарды қолдануға болады.

2. Екіншілік отын агрегатының құрамында отынның шығынын азайту үшін жануға дейінгі камераларда және қондырғылардың оттықтарына арналған ауаны қыздырғыш қарастырылады. Ауаның қыздыру температурасын 350 °С - 400 °С деңгейінде орнатады.

8.12 УҚ құрамында күшәннің, селеннің, фосфордың оксиді, оған қоса сурьманың, күшәннің, темірдің, қорғасынның, кадмийдің висмуттың және т.б. хлоридтері бар заттар өндеуге түскенде жартылай құрғақ және құрғақ, тұрақтанудан (мысалы, сілтілік ерітіндіні бүркіп нейтралдаудан), 5 мг/м³ дейін шаң бөліктерін тазартудан, бұрылу газдарының 45 °С дейін сууынан, кейіннен құрғақ шаң мен өңделген адсорбенттің арнайы көмілуімен сүзгілердегі (мысалы, көмір, полимер) адсорбциялаудан газдан тазартудың көп сатылы жүйесін қарастыру керек.

8.13 Жоюға жататын қауіпті сұйық қалдықтар полигондағы тексеру аудандарында шектеулі болғанда, ауданды орналастырудың талаптарын, тиісті белгіленген техника-технологиялық параметрлерді және залалсыздандыруды орнату амалдарын сақтау қажет.

8.14 Сұйық галоген- мен хлор органикалық қалдықтарды термиялық залалсыздандыру аудандарында келесілерді қарастыру қажет:

- сұйық қалдықтарды дайындау жүйесін;

- жануға дейінгі камерасы, минералдық тұздардың шығуынан түтіндік газдарды тазалау жүйесі мен минералдық тұздар қоспаларын құрғақ күйінде бұру жүйесі бар сұйық жанғыш қалдықтарды термиялық залалсыздандыру қондырғысын;

- ұстап қалу жүйесі, түтіндік газдардан (мысалы, хлорлы кальцийді алу немесе тауарлық тұз қышқылын алу) хлорлы сутегіні өндеу жүйесі және бұрылыс газдарының толық тазалау жүйесі бар сұйық хлор органикалық қалдықтарды термиялық залалсыздандыру қондырғыларын.

8.15 Сұйық органикалық қалдықтарды залалсыздандыруда келесі талаптарды ұстану қажет:

- бұрылу газдарының температурасы 950 °С-тан 1050 °С-қа дейін болуы қажет;

- органикалық заттарды (хлорлы сутегі, күкірт пен фосфордың оксидтері) нейтралдау нейтралдаушы реагенттер пайдаланылып, сұйықпен қоса 10 % артығымен (мысалы, күйдіргіш натр, натрий карбонаты) берілісінде термиялық залалсыздандыру қондырғыларының көлемінде жүзеге асырылуы қажет;

- термиялық залалсыздандыру қондырғысында пайда болатын минералды тұздар балқытпасының қоспасын аз мөлшермен көмілуі қажет, керек жағдайда, егер осы балқытпаны жанама өнім ретінде қолдануға мүмкін болса, сәйкес технологиялық қамтамасыздандырылумен көмілуі қажет;

- құрамында еритін минералдар бар органикалық қалдықтардың концентрациясы 30 %-дан кем болса, олардың газдармен бұрылыспен суытуға булануын және кейіннен алдымен оларды құрғатумен, қажет болған жағдайда кері газдарды қондырумен қайта

құрғақ тазалау әдісін қарастыру қажет.

8.16 Сұйық хлор органикалық қалдықтарды термиялық залалсыздандыруда келесі жағдайлар мен амалдар сақталынуы қажет:

- бұл санаттағы қалдықтарды залалсыздандыру, әдетте, сілтілік ортада 1100 °С - 1200 °С жүзеге асырылады;

- қалдықтардың термиялық деструкциясы кезінде түзілетін хлорлы сутегі жеке пайдалануға беріледі, тауарлы өнім алынса жақсы (тұз қышқылы немесе құрамында хлор бар басқа өнімдер);

- жылулық жүктеме түсіргенде қуаттылығы $7 \cdot 10^6$ Вт-тан асатын қондырғыларда (тұз қышқылы алынған жағдайда) қалдықтардың жылу деструкциясында түзілетін газ тәрізді өнімдерді суыту үшін (олардың мөлшері болуы мүмкін) хлорлы сутегіні абсорбциялау сатысынан бұрын қаныққан буды өңдеуші жылуды пайдалануға арналған агрегатты қолдануды қарастыру қажет;

- құрамында массасы бойынша 70 % асатын органикалық байланысқан хлордың болуындағы хлор органикалық қалдықтарды жандырумен термиялық залалсыздандыруда қоспаның тұрақты жануын қамтамасыз ететін қатынасында бұл қалдықтардың алдын ала сұйық отынмен (қалдықтармен) араласуын қарастыру қажет;

- термиялық залалсыздандыру қондырғысына қалдықтарды беру үшін құрылымдық ерекшеліктері форсункалардың бітелуін болдырмайтын немесе форсунканың бітелу мүмкіндігін азайтатын және агрегатты (мысалы, түзуленген каналдары бар пневматикалық типті форсункалар) тоқтатпастан олардың тез механикалық тазаруын қамтамасыз ететін форсункаларды қолдану қажет;

- хлор органикалық қалдықтарды термиялық залалсыздандырудағы жану аумағына ауа 20 % артық мөлшерде берілуі қажет. Ауаның көлемінің шекті мөлшерден жоғары болуы газ тәрізді жану өнімдерінің құрамында әрекеттеспеген оттегінің болуымен лимиттеледі, ал оның көлемі хлордың көп мөлшерде түзілуін болдырмау үшін 3,0 %-дан көп болмауы қажет. Қажет болған жағдайда, жану температурасын 1100 °С-тан бастап 1200 °С-қа дейін сақтап тұру үшін термиялық залалсыздандыру камерасының көлемінде катализаторлар (су, тұз қышқылы немесе су буы) берілуі мүмкін;

- тұз қышқылын алу кезіндегі газ тәрізді жану өнімдерінен хлорлы сутегіні алуды изотермиялық жағдайларда (изотермиялық абсорберлер) жасау ұсынылады;

- атмосфераға шығатын бұру газдарын сілтілік нейтралдауда сілтілік жуудың аралық өнімнің кристалдануын болдырмау үшін нейтралдауға қолданылатын сілтілік ерітіндінің (мысалы, натрий карбонаты) концентрациясы массасы бойынша 5 %-дан аспауы қажет;

- сілтілік нейтралдаудан кейін сілтілік жуу аралық өнімінің (гипохлорит) жергілікті түйінінің кестесін (бұзылу) қарастыру қажет.

Ескертпе – Үш фазалы жүйенің құрылғысын қолдану қалдықтардың хлорлы сутегі мен хлордан сенімді тазартылуын қамтамасыз ететін жағдайында бұрылу газдарын тазалау үшін сұйық әктерді пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл кезде кальций гипохлоритінің жергілікті түйінінің кестесін қарастыру қажет.

8.17 Қатты және сұйық жанбайтын қалдықтарды физика-химиялық залалсыздандыру орындарында келесілерді қарастыру керек:

- 1) құрамында қатты цианы бар қалдықтарды залалсыздандыру келесі жүйелерден

тұрады:

- қалдықтарды қабылдау мен ұсақтау;
- суспензияларды дайындау мен цианидтерді алмастыру;
- суспензияларды сүзу;
- контейнерлерге көму үшін сүзбе шөгіндісін қабылдау.

2) гальваникалық өндірістердің қалдықтарын залалсыздандыру қондырғысы мыналардан тұрады:

- қалдықтарды қабылдауға арналған сыйымдылықты қондырғылар;
- Cr^{+6} мен Mn^{+7} тұз қышқылы мен темір купоросымен тұрақты элементтеріне дейін қалпына келтіру жүйесі немесе басқа тиімді әдістермен қалпына келтіру;
- электр коагуляция немесе басқа да тиімді тұндыру және байланыстыру әдістерімен сұйық әкпен ауыр металдар иондарын тұндыру жүйесі;
- тұнбаны сүзу жүйесі;
- контейнерлерге көму үшін тұнбаның сүзбесін қабылдау жүйесі.

Ескертпе - Қолдануға сәйкес келісімдер мен рұқсаттамалардан өткен гальваникалық ағындары мен гальваникалық коқыстарды жаңа регенерациялау жүйелерін қолдануға болады.

3) Құрамында күшән бар қалдықтарды залалсыздандыру қондырғысы мыналардан тұрады:

- қалдықтарды қабылдауға арналған сыйымдылықты қондырғыларынан;
- үш валентті және үш хлорлы күшәнді қосылыстарды тұрақты ерімейтін қосылыстарға ауыстыру немесе тауарлық өнімді: күшән қышқылы, натрий арсенаты, арсенат қышқылын және т.б. алу мақсатында өңдеу жүйесі;
- тұнбаны сүзу жүйесі;
- сүзбені тазалау жүйесі;
- контейнерлерге көму үшін тұнбаның сүзбесін қабылдау жүйесі.

8.18 Сынапты шамдар мен нұршамдарды залалсыздандыру орындарында келесілерді қарастыру қажет:

- шамдарды қабылдауға арналған қойма;
- сынапты шамдар мен нұршамдарды залалсыздандыруға арналған агрегаттар;
- технологиялық газдарды сынаптан тазарту жүйесі;
- тазарту суларының сынаптан тазалану жүйесі;
- кейіннен қайта өңдеуге берілетін ішінде сынап бар контейнерлерді қалдықтарды сақтауға арналған қойма.

Ескертпе - Қосымша ғимараттар мен қондырғылардың негізгі технологиялық құрамы полигонға түсетін нақты қалдықтардың номенклатурасына қарай өзгертілуі мүмкін.

9 УЛЫ ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӨМУ

9.1 Карталарды қауіптілігі IV классты қалдықтармен толтыруды қабат-қабатымен, әр қабатты тегістей және тығыздай отырып қарастыру керек. Карта орталығында қалдықтар деңгейін опырылу бөгеттері шыңынан биік, ал периметрі бойынша бөгеттер шыңынан –

0,5 м төмен етіп қабылдау керек. Осы арада жоғарғы жақтың орталықтан периметріне қарай еңістігі 10 %-дан аспауы тиіс. Қалдықтармен толтырылған картаны жоғарғы жағына қалыңдығы 0,2 м 10 %-дық өсімдік топырағын қоса отырып, 0,5 м қалыңдықтағы жергілікті топырақтың тығыздалған қабатымен оқшаулау керек.

9.2 Карталарды суда ерімейтін қауіптілігі I, II және III классты қалдықтармен толтыру кезінде «өзінен кері қарай» принципімен бірден толық биіктігіне қарай толтыру қарастырылуы керек. Бұл арада жобалық жоғарғы бетіне дейін толтырылған қазаншұңқыр учаскесі бірден қалыңдығы 0,5 м кем емес топырақтың қорғаныс қабатымен жабылады, бұдан әрі осы арқылы қалдықтарды әкелу жүргізілуі керек. Автокөліктердің жүруін, топырақтың қорғаныс қабатында орналасқан, уақытша төселім арқылы жүзеге асыруды қарастырған жөн. Карта орталығында көрсетілген қалдықтардың ең биік деңгейі бөгетті қоршап тұрған баурайынан 0,5 м кем емес төмен, периметрі бойынша карта құламаларымен қиылысқан жерлердегі деңгейі бөгет баурайынан кем дегенде 2 м төмен болуы керек.

9.3 Тозаң тәріздес қалдықтарды көму кезінде, осы қалдықтарды көліктен түсіру және оны көму кезінде желмен ұшып кетуін болдырмау бойынша шаралар қарастыру қажет.

9.4 Жоғарғы қабатты бір мезгілде цемент қосып, араластырып және оны тегіс катоктармен тығыздай отырып қалыңдығы кемі 0,15 м сұйық битумдарды үстіне төгуді қарастыру керек. Мұнайдың не битумның мөлшерін, сондай-ақ әрекетті қоспалардың санын Б Қосымшасына (Б.2 кестесіне) сәйкес қарастыру қажет.

Оқшаулау қабаты карталар көлемінің (дамбылардың жотасында) су ағатын қалақтарды қосқанда барлық өне бойымен кемі 2 м көлемде сыртқа шығып тұруы керек. Оқшаулаушы қабатты картаны сақтауға қойғаннан кейін орнатады. Карталар арасында әрдайым өту болмаған жағдайда көршілес карталар арасында оқшаулаушы қабат біреу ғана болуы тиіс.

9.5 Сақтау орындарының бөліктерінде қалдықтар контейнерлерін жинап қоюдың ең биік деңгейі осы сақтау орындарының жоғарғы шетінен кем дегенде 2 м төмен болуы керек. Сақтау орындарының толтырылған бөліктерін темірбетон плиталармен жабуды, одан әрі қалыңдығы 2 м тығыздалған топырақ қабатын төгуді қарастыру қажет, содан кейін барып, іргелес аумақтан жоғары көтерілетін және сақтау орны габаритінен әр жағынан кем дегенде 2 м шығыңқы су өтпейтін төселім қарастырылады.

10 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

10.1 Жұмыс істеуші қызметкердің қалдықтармен байланысқа түсуінің алдын алу және қоршаған ортаны қорғау үшін ӨУҚ жобасында төмендегілерді қарастыру қажет:

- араластырушы құрылғысы бар сыйымдылықты аппараттарға сұйық қалдықтарды қабылдау;

- сыйымдылықты аппараттардан құбырлар бойымен насоспен немесе инерттік газбен қатты қысымдау арқылы сұйық қалдықтарды зарарсыздандыру үшін жіберу;

- қалдықтарды қыздыру арқылы зарарсыздандыру қондырғысына тасымалдау үшін дайындай отырып, паста тәрізді қалдықтарды сыйымдылықты аппараттарға қабылдау;

- паста тәріздес жанғыш қалдықтарды тасымалдау;

- қатты қалдықтары бар қондырғыны БАЖ жүйесі көмегімен бақылауды реттеушісі бар бұрандалы конвейер арқылы жүктеу;

- қатты қалдықтардың берілуінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін қондырғыларды, сонымен қатар қондырғыға паста тәріздес қалдықтарды жіберуге арналған құрылғыларды мөлшерлеуші құрылғылармен жабдықтау;

- механизмдер жұмысын, қалдықтарды зарарсыздандырудың технологиялық циклдары мөлшерлеуіштерін, температураны және басқа да параметрлерді автоматтандыру;

- УҚ зарарсыздандыру (оларды қыздыру арқылы зарарсыздандыру процесі болған жағдайда) және көму карталары учаскелерінің бір аянда орналасуы кезінде күл мен қоқыстарды тасымалдау, түрлі аяндарда – жабық сыйымдылықтарда (контейнерлерде) пневматикалық көліктерде тасымалдау мүмкін болады.

10.2 Қауіптілігі I, II және III классты қалдықтарды тасымалдау барысында, қалдықтарды карталарға қашықтықтан түсіруге бейімделген құралдармен жабдықталған арнайы контейнерлерде тасымалдау қарастырылған. Құрылыс кезінде карталардан жауын және қар суларын ағызу үшін жылжымалы мотосорғылар немесе насостар қарастырылуы керек.

Көмуге арналған машиналар және механизмдермен қатар жаңа карталарды және толған карталарды консервациялау кезінде су өтпейтін жабындарды орнатуға арналған машиналар мен механизмдер (экскаваторлар, бульдозерлер, грейдерлер, тегістегіштер, балшық илегіштер, автосамосвал, битум құюға арналған машиналар, дискілік барондар) қарастырылуы қажет.

11 ПОЛИГОНДАРДЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ҚОРҒАНЫС АЙМАҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҚЫЛАУ

11.1 Полигон орналасқан аудандағы қоршаған ортаны жергілікті мониторингілеу жобасы полигонды пайдаланушы ұйымның техникалық тапсырмасы бойынша әзірленеді.

11.2 Жерасты суларының деңгейіне, олардың сапасының физика-химиялық және бактериологиялық көрсеткіштеріне бақылау жүргізу үшін жерасты суларының жергілікті мониторингісін бақылау пункттері желісін орнату қарастырылады.

11.3 Жерасты суларымен қатар, полигонның санитарлық-қорғаныс аймағындағы дренажды және субұрғыш жыралардан және жерүсті ағын суларынан жерүсті суларының сынамасын таңдау жүргізіледі.

Анықталатын көрсеткіштер құрамы және су сынамаларын алу жиілігі қоршаған ортаның жергілікті мониторингісі жобасында белгіленеді.

12 ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

12.1 Топырақ құнарлығын қалпына келтіру жабық ӨУҚ тұрақтандыруды аяқтағаннан кейін жүргізіледі – қоқыс топырағын нығайту процесі, олардың әрдайымғы тұрақты ахуалына жету процесі. Тұрақтандыру процесінің мерзімі 3 жылды құрайды.

12.2 ӨУҚ жабылғаннан кейін топырақ құнарлығын қалпына келтіру жобасы арқылы орман шаруашылығы бағыты қарастырылуы керек.

12.3 ӨУҚ жабылғаннан кейін жердің топырағын қалпына келтіру жобасының міндетті құжаты болып табылатыны:

- топырақ құнарлығын қалпына келтіруді бастау алдындағы ӨУҚ бастапқы жоспары;
- топырақ құнарлығын қалпына келтіруден кейінгі ӨУҚ бас жоспары;
- тік жоспарлау;
- қоқыс тастайтын жер топырағының қозғалысы сызбасы;
- топырақ құнарлығын қалпына келтіруді жүргізу технологиясы;
- қоқыс тастайтын жер топырағының барлық тереңдігіне, топырақ құнарлығын қалпына келтіру үшін әкелінген топырақ пен қыртыстар сипаттамасы берілген түсінік хат;
- өсімдіктер мен тыңайтқыштар түрін сапалық және сандық таңдау;
- жұмыстарды жүргізу сметасы.

12.4 Топырақ құнарлығын қалпына келтіру жобасын орындау үшін негізгі бастапқы мәліметтер болып табылатыны:

- ӨУҚ жабылған жылы;
- ӨУҚ ашылған жылы;
- ӨУҚ қоймаланған қалдықтар түрі;
- ӨУҚ-дан жақын маңдағы қала құрылыстары нысанына дейінгі арақашықтық, км;
- шеттетудің жалпы алаңы, га;
- тек қалдықтармен толтырылған алаң, га;
- қалдықтардың жиналуының жалпы көлемі, мың м³;
- пайдалану жылдары бойынша қалдықтар түсімдерінің көлемі, мың м³;
- қалдықтар қабатының биіктігі, оның ішінде жер беті деңгейінен биіктігі, м;
- оқшаулаушы материалдың жоғарғы қабаты (топырақ, қоқыс, құрылыс қалдықтары және т.б.);
- оқшаулаудың жоғарғы қабатының қалыңдығы, м;
- ӨУҚ орналасқан аумақ (орман, дала, ор, карьер);
- қарасты жерлердің ведомстволық тиесілігі;
- осы аталған аумақты болашақта қолдануды қарастыру;
- өсімдік топырағын тиеу орнынан жабық ӨУҚ дейінгі арақашықтық, км;
- ӨУҚ өздігінен өсуі, %;
- өсімдіктер, шоқ ағаштар, ағаштар түрі;
- шөп өсуінің қалыңдығы, %;
- ағаштардың жасы, жыл.

12.5 Жабық ӨУҚ топырақ құнарлығын қалпына келтіру екі кезеңде жүзеге асады: техникалық және биологиялық.

12.6 Топырақты құнарлығын қалпына келтірудің техникалық кезеңі процесіне тұрақтандыру, құру, сатылау және топырақ құнарлығын қалпына келтіруші көпсалалы жабын құру, учаскені топырақ құнарлығын қалпына келтіруді биологиялық кезеңін жүзеге асыру үшін өткізу жатады.

12.7 Полигон еңістігінің нормативті бұрышы мақсаттық пайдалануға байланысты белгіленеді және төменгі мәнге ие:

- көгалдар үшін - 7 градустан артық емес;
- орман егу үшін (бұталар, ағаштар) - 18 градустан артық есем.

12.8 ӨУҚ жоғарғы бетінің оқшаулаушы қабаты жоғарғы беттегі суды (таза) жинау және бұрып жіберу үшін жайластырылады.

12.9 ӨУҚ-ның жоғарғы бетінің қорғаныс (әрдайымғы) оқшаулаушы қабаты, оны жапқаннан кейін және ӨУҚ орнына егілгеннен кейін, яғни ол тұрақты жағдайға жеткеннен кейін жайластырылады..

12.10 Оқшаулаушы қабат ӨУҚ пайдалану кезінде орнатылған технологиялық эранның жоғарғы жанына орналастырылады және әдеттегідей, келесі қабаттардан тұрады:

- топырақ құнарлығын қалпына келтіруші қабат, қалыңдығы 1 м кем емес, оның құрамында қалыңдығы 30 см-ден 50 см-ге дейінгі құнарлы топырақ болады;

- қалыңдығы 30 см кем емес дренажды қабат;

- қалыңдығы 20 см кем емес оқшаулаушы қабат;

